



**БҰЙРЫҚ**

2015 жылғы 31 наурыз

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 114

город Астана

**Өтініш берушіні бағалау бойынша жұмыстар жүргізу туралы**

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 339-IV Заңының 44 және 47- баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті жеңіл әуе кемелерін сертификаттау рәсімдеріне әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды тарту мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұшу жарамдылығы басқармасының басшысы – бас мемлекеттік инспектор – Алмас Баданұлы Битенов;

Ұшу жарамдылығы басқармасының сарапшысы – мемлекеттік инспектор Аян Алтынбекұлы,

жеңіл әуе кемелерін сертификаттау рәсімдеріне «Қазақстан шағын авиация қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігін тарту мақсатында 2015 жылғы 1-3 сәуір кезеңіне, 3 күндік мерзімге Алматы қаласына «Қазақстан шағын авиация қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі техникалық комиссиясының қызметіне инспекциялық тексеру жүргізу үшін іссапарға жіберілсін.

2. Жұмыс нәтижелері бойынша өтініш берушіні жоғарыда көрсетілген жұмыстарға тарту мүмкіндігі туралы қорытынды ұсынылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасарына (Мұхтыбаев С.Х.) жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және таныстыруға жатады.

Төраға

Б. Сейдахметов